



**ӘКІМНІҢ
ЖҰМЫС САПАРЫ**
шеткі шағынаудандарға
қалай әсер етті?

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №115-116 (6678) 30 желтоқсан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

2026

ТӨРЛЕТ, ЖАҢА ЖЫЛ!

www.aqshamnews.kz



2025 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ҮДЕРІСТЕР:

Ішкі саяси күн тәртібі мен реформалар көкжиегі

Биыл еліміз үшін саяси оқиғаларға толы жыл болды. Бұл оқиғалар Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаты, жүзеге асып жатқан реформалар, сондай-ақ айшықты мерейтойлар аясында өтті. Мақалада ішкі саяси оқиғаларды шолып, олардың алдағы жылға ықтимал әсерлеріне болжам жасаймыз.

Ұлттық құрылтай және Жолдау

Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы мен Жолдау сөзсіз биылғы маңызды саяси оқиғалары болды. Олар еліміздің ішкі саясатын айқындап, алдағы уақыттағы қысқа және орта мерзімді басымдықтарды анықтады.

Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы 2025 жылы 14 наурызда Бурабайда өтті. Құрылтайда Мемлекет басшысы сөз сөйледі. Президент өз сөзінде бірнеше маңызды бастама көтеріп, қоғамда талқыға түскен мәселелер бойынша өз пікірін айтты. Мемлекет басшысы ең алдымен салық реформасына қатысты мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысының сөздерін жүйелейтін болсақ, салық реформасы келесі үш шараны қамтиды: ҚҚС мөлшерін арттыру, әлеуметтік сала бюджетін оңтайландыру және бизнесті бөлшектеуге тосқауыл қою.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтай мүшелерінің ішкі саясат тұжырымдамасын қабылдау туралы ұсынысын қолдады. Мұндай ұсынысты Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Әшімбаев, Марат Шибұтов және басқа да азаматтар айтты. Президент жаңа құжатта ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіруді, жасампаздық құндылықтарын дәріптеуді, әлеуметтік кеселдерді жоюды және азаматтық қоғамды дамыту мәселелерін қамтылуы қажет екенін мәлімдеді.

Президенттің бұл тапсырмасы жыл аяқталмай жатып-ақ орындалды. 5 қарашада Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойды.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Бұдан басқа, құрылтай мүшелері алаяқтықпен күрес, қоғамдық әдепті сақтау, діни ахуалды реттеу, әйелдер колониясындағы жағдайды реттеу, кәсіптік білім беру сапасын арттыру сияқты ұсыныстар көтерді.

2025 жылы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауын арнады. Құжат «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деп аталды. Бұл Жолдау еліміздің ЖИ мен цифрлы өзгерістерді енгізу үдерісін жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған.

Жолдауда Президент Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құруды, сондай-ақ Цифрлық кодексті қабылдауды тапсырған еді. Көп ұзамай, 18 қыркүйекте тиісті министрлік құрылды. Ал «Жасанды интеллект туралы» заң 17 қарашада қабылданды.

Бұдан бөлек, Жолдауда инвестиция тарту жүйесін реформалау, банк туралы

жаңа заң қабылдау, мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту және тағы басқа тапсырмалар берді.

Жолдаудан саяси реформа мәселесі де тыс қалмады. Президенттің парламенттік реформаны жүзеге асыру туралы бастамасы жылдың ең маңызды саяси оқиғасы деуге болады. Мемлекет басшысы бірпалаталы Парламент құруды ұсынды. Егер халық референдумда осы бастаманы қолдаса, 2027 жылы бірпалаталы Парламент құрылады.

Заңнамалық өзгерістер мен мерейлі күндер

Биыл елімізде әлеуметтік, экономикалық, құқықтық қорғау мәселелерін қамтитын заңдар қабылданды. Олардың ішінде ең маңыздысы әрі ұзақ мерзімді әсер ететіні жаңа Салық кодексі болып саналады. Құжат 2026 жылдың 1 қаңтарында күшіне енеді. Бұл кодекс 18 шілдеде қабылданды. Жаңа Салық кодексінде мынадай өзгерістер бар:

- **Салықтық әкімшілендіру жетілдіріледі.** Болжам бойынша, есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарып, салықтардың саны 20 пайызға азаяды.
- **ҚҚС-ның жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді.** Бірақ дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді. Сондай-ақ, мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі бекітілді. Бұл өзгерістер дәрі-дәрмек және баспа саласының дамуына оң серпін береді. Жаңа Салық кодексін енгізудің нәтижесі алдағы 1-2 жылда белгілі болмақ. Әзірге нақты болжам жасау күрделі мәселе.

9 сәуірде тағы бір маңызды құжат жаңа «Су кодексі» қабылданды. Құжатта алғаш рет «су қауіпсіздігі» деген ұғым енгізілді. Бұл ұғым халықты және экономиканы су тапшылығы мен су көздерінің ластануынан қорғау, трансшекаралық су ресурстарын қорғауда еліміздің мүддесін қамтамасыз ету дегенді білдіреді. Сондай-ақ, су көздерінің тартылып кетуінің алдын алу үшін «экологиялық ағын» деген жаңа ұғым енгізілді. Бұл өзен, көл, теңіздердің экожүйелерін сақтау үшін қажетті ең төменгі су деңгейі.

Бұдан бөлек, су объектілерін қорғау бойынша талаптар кеңейтілді. Енді шағын өзендерге тұйық бөгеттер салуға болмайды. Сулы-батпақты алқаптар мен мұздықтар да арнайы қорғауға алынды.

Биыл мерейлі күндер де атап өтілді. 2025 жылы ҚХА-ның және Конституцияның 30 жылдығы жоғары деңгейде өтті. ҚХА соңғы конституциялық реформаға қарамастан саяси жүйедегі маңызды орнын сақтап қалды. Жоғарыда аталған оқиғалар мен өзгерістер 2026 жылы жалғасын тауып, жаңа жылдағы үдерістерге әсер етуі мүмкін. Әсіресе, парламенттік реформаның ішкі саясатқа әсері мол болмақ.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



СЕНАТОР МЕДИАХОЛДИНГ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Сұлтанбек Мәкежанов Алматы қаласы әкімі аппаратының этика жөніндегі уәкілі Мамай Ахетовпен бірге «Alatau Aqparat» медиахолдингіне келіп, ұжымның жұмысымен танысты.

Кездесу барысында қазіргі ақпараттық кеңістіктегі негізгі тенденциялар, қоғамға сапалы әрі сенімді ақпарат жеткізудегі дәстүрлі медианың рөлі, мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудағы баспасөздің маңызы жан-жақты талқыланды. Тараптар цифрлық дәуір жағдайында отандық медианың жауапкершілігі мен ықпалын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Сенатор Сұлтанбек Мәкежанов бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікір қалыптастырудағы, реформалардың мәнін халыққа түсіндірудегі айрықша орнына тоқталды. Сондай-ақ, алдағы кезеңде жүзеге асырылатын парламенттік реформалар және мемлекет деңгейінде қолға алынған маңызды өзгерістер туралы ойымен бөлісті.

Кездесу барысында сенатор медиахолдингтің заманауи тенденцияларға бейімделу бағытындағы қадамдарына оң бағасын берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ»



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ӘКІМНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

шеткі шағынаудандарға қалай әсер етті?

Алматы қаласының шетіндегі «Рахат», «Мәдениет» және «Алғабас» шағынаудандары қарқынды өсіп келе жатқан жаңа орталықтар. Соңғы уақытта инфрақұрылымдық жобалар қарқынды жүргізілуде. Аталған шағынаудандар қызметіне кіріскелі бері қала әкімі Дархан Сатыбалдының тұрақты бақылауында болғандай. Ол 6 айда бұл аумаққа 3 рет жұмыс сапарымен барған.



Ернұр
РЫСБАЙ

Әкімнің тұрғындармен бетпе-бет сөйлесіп, нақты тапсырмалар беруі шеткері шағынаудандардың жылдар бойы шешімін таппаған мәселелерін жылдам алға жылжытқан. Бұған дейін батпақты жолдар, қараңғы көшелер қысқа уақытта ретке келтірілген. Шағынаудан тұрғындары қазір Алматының бір бөлігі екенін шын сезіне бастағандай.

«Мәдениет» шағынауданына бірнеше жылдан бері Байбақты көшесінде тұратын Советхан Тілеубаев үйінің маңындағы өзгерістерді қуана жеткізді:

– Біз келгенде көшеде жүру қиын, шаңнан көз ашпайтынбыз. Қазір қарасаңыздар, орталық көшеге асфальт түсті, қалған көшелерде де жұмыстар жүргізілуде. Келер жылы барлық көшеде толық

асфальт болады деп жатыр. Немерелеріміз мектепке тап-таза болып барып жүр. Бұл – үлкен өзгеріс, – дейді. Оның айтуынша, ең бастысы – әкімнің тұрғындармен тікелей кездесуі. «Дархан Амангелдіұлы осы жерге үш рет келді. Үшінші келгенде емхана, №122 автобустың жайкүйі, жазда кондиционердің болмауы, қыста пештің істемейтіні сияқты мәселелердің бәрін көтердік. Әкім тыңдап қана қойған жоқ, әр сала басшысын шақырып, сол жерде нақты жауап берді. Бұл – біз үшін үлкен құрмет», – дейді ол.

Тұрғындар үшін ең өзекті мәселелердің бірі – жол мен қоғамдық көлік болатын. Жол мәселесі бойынша биылғы жұмыстардың қарқыны тұрғындарды таңқалдырған. Бұрын шұңқыр, батпақ, шағыл тастардан тұратын көшелерде қазір асфальт бар, ал қалған көшелерге уақытша қиыршық төселіп, көктем-күз маусымында жүре алмай қалу мәселесі жойыла бастаған. Сонымен қатар, қосымша №105 бағытындағы жаңа автобус қатынасы іске қосылып, бұрындары қиындық туғызған №122 автобус мәселесі бақылауға алынған.

– Әкім келген сайын бір өзгеріс болады. Алғашқыда шаң, екінші келгенде бірен-саран жұмыстар жүргізілді, үшінші сапарында бәрі жүйелі қолға алынды. Бұл – ең бастысы», – дейді тұрғын.

«Мәдениет» шағынауданының тағы бір тұрғыны Сейітқазы Егенбеков те өзгерістер көз қуантатынын алға тартып отыр.

– Төрт жыл бұрын көшіп келгенде батпақтан аяқ алып жүре алмайтын, мектепке

дейінгі жол жүру мүмкін болмайтын. Ал қазір бәрі басқаша. Бұрын ешкім назар аудармаған сияқты еді, ал қазір бірте-бірте реттеліп келеді. Біз ризамыз. Қазір зейнеттемін, күні бойы ауылдың ішінде жүреміз. Бұрын аяқ киіміміз лас боп келетін, қазір жолымыз дұрысталып жатыр, – дейді ол. Оның айтуынша, әкімнің жиі келуі жұмыстың жүруіне түрткі болған.

Инженерлік желілер бойынша аудан әкімдігі де нақты жұмыстардың атқарылып жатқанын растайды. Алатау ауданы әкімдігінің инженерлік және жол инфрақұрылымы бөлімінің маманы Ғазиз Оңғарбай берген ақпаратқа сәйкес, «Рахат», «Мәдениет» шағынаудандарында жалпы ұзындығы 132 шақырым инженерлік желі тартылып, оның 93%-ы биыл аяқталған. 2025 жылдың соңына дейін жоба толық тәмамдалмақ. Ал тұрғындардың саны көбейген жаңа көше мен жаңа құрылыс аймақтарына 2026 жылы инженерлік желілер толық жеткізіледі.

– «Мәдениет» пен «Рахатта» бұрын инженерлік желі болмаған. Су да, кәріз де – бәрі жеке болған. Қазір су – қалалық жүйеге қосылды, кәріз жүйесі орнатылды, келесі жылы толық қосылады, – дейді маман.

Биыл «Алғабаста» барлық көшеге асфальт салынған, қалалық су жүйесіне толық қосылған, кәріз жүйесі орнатылған, тек қосылу процесі 2027 жылға дейін жалғасады. Көше жарығы толық қамтамасыз етілген, ал трансформаторлар жаңартылады. Бұрын бұл аймақта ешқандай

инженерлік желі болмаған, бәрі жеке құдықтар мен уақытша жүйелерге сүйенгені белгілі.

Жалпы алғанда, тұрғындардың айтуынша, ең үлкен өзгеріс – әкімнің назарында болу сезімі. «Әкім келіп, бізбен сөйлесіп, көкейіміздегіні тыңдап, әр сұрағымызға нақты жауап бергені – біз үшін бұрын-соңды болмаған жағдай», – дейді «Мәдениет» тұрғыны. «Әкім бол – халқыңа жақын бол» деген сөзді Дархан Амангелдіұлы ісімен дәлелдеп жатыр деген пікір жиі айтылады. Тұрғындар енді өз аудандарын Алматының шеткі бөлігі емес, қаланың бір бөлшегі ретінде сезіне бастағанын жасырмайды.

«Мәдениет», «Рахат», «Алғабас» аймақтарында көптен бері қордаланып қалған инженерлік желілер мәселесі, жол құрылысы, көше жарығы, ауызсу, қоғамдық көлік, қоқыс шығару қызметі бүгінде жүйелі түрде реттеліп келеді. Тұрғындардың негізгі талабы – балаларға қауіпсіз жол, жарық көшелер, тұрақты су – орындала бастады. Мұның бәрі әкімнің жеке бақылауымен, аудан әкімдігінің жедел жұмысы арқылы іске асып отыр.

Осы өзгерістің барлығы тұрғындардың көңіл күйінен анық байқалады. Кеше ғана шаң-тозаңнан көз ашпаған көшелерде бүгін балалар таза жолмен мектепке барады, түнгі көшелер жарық, су тоқтамайды, көлік қатынасы жақсарды. Ең бастысы, тұрғындар өз өтінішінің қаланың ең жоғары деңгейінде ескеріліп отырғанын сезінеді.

Жаңа жыл қарсаңында Алматыда мейірім мен ізгілік акцияларына жаңа мән қосылды. Айталық, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған игі бастамалар жүзеге асырылуда. Балаларға мерекелік жылулық жеткізуге арналған қала басшысының бастамасына Naluk Bank қолдау көрсетті. Нәтижесінде ғажайып мерекелік акциясы көптеген баланың жүзінде шаттық сыйлады.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Қала әкімдігінің үйлестіруімен ұйымдастырылған акция аясында 27–29 желтоқсан күндері мемлекет қамқорлығындағы 500-ден астам балаға жаңажылдық сыйлықтар табысталуда. Бұл іс-шара – өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдауға бағытталған қалалық әлеуметтік саясаттың жүйелі жұмысының бір көрінісі. Алматы әкімдігі балалардың құқықтарын қорғау, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау және әлеуметтік қолдауды күшейту қаланың басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

Жаңажылдық мерекелер қарсаңында мегаполистің барлық аудандарын қамтитын қайырымдылық және мерекелік іс-шаралар кешені дәстүрлі түрде ұйымдас-

ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖЫЛУЫ

Алматыда ерекше қайырымдылық акциясы өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

тырылып келеді. Биылғы жылы әкімдіктің тікелей қатысуымен әлеуметтік осал санаттағы 20 мыңнан астам бала мерекелік құттықтаулар мен сыйлықтарға ие болды.

Мерекелік жылулықты жеткізетін іс-шаралардың бір бөлігі атаулы түрде, яғни балалардың үйлеріне барып ұйымдастырылды. Денсаулық жағдайына немесе өзге де себептерге байланысты жаппай мерекелерге қатыса алмайтын бүлдіршіндер үшін бұл ерекше қуанышқа айналды. Сенбі күнінен басталған акция барысында

34 баланың үйіне Аяз ата мен Ақшақар, көңілді қояндар мен өзге де кейіпкерлер арнайы барып, би билеп, ойын ойнап, мерекелік көңіл күй сыйлады. Мұндай игі бастамалар қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттырып, әр балаға деген қамқорлық пен мейірімді сезіндіреді.

Медеу ауданының қамқоршылық және қорғаншылық органының бас маманы Қанат Әлиханнның айтуынша, акция аясында жалпы 34 балаға мерекелік сыйлық жеткізу жоспарланған. Олардың

көпшілігі қамқорлықтағы балалар, ал бір бөлігі патронаттық тәрбиеде. Балалардың басым көпшілігіне мерекелік тартуларды демалыс күні жеткізіп үлгерген.

Айта кетейік, қамқоршылықтағы балалар деп көбінесе жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қарастырады. Мұндай жағдайда ең алдымен туыстарына беру мәселесі қарастырылады.

«Егер бала ата-анасының қамқорлығынсыз қалса, алдымен жақын туыстарына қамқоршылыққа тапсырылады. Ал егер ондай мүмкіндік болмаса, балалар үйінен бөтен отбасыларға беріледі. Бұл отбасылар жетім балалардың деректер банкі арқылы іріктеліп, бізге жүгінеді. Әр қамқоршылықтағы балаға демеуші – банк тарапынан арнайы сыйлық жиынтығы берілді. Жалпы, бізде қамқоршылықтағы балаларды аралау жыл сайын кемінде екі рет өткізіледі. Себебі, мұндай балалар мемлекет қамқорлығында болады. Оларға ай сайын жәрдемақы төленеді, сондай-ақ мемлекет тарапынан тұрғын үй кезегіне қойылады. Қосымша қолдаулар да бар. Мысалы, банктер, басқармалар және түрлі қайырымдылық қорлары тарапынан көмек көрсетіледі. Бұл – балалардың әлеуметтік тұрғыда қорғалуына бағытталған жүйелі жұмыс», – дейді Қанат Әлихан.

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ БЕСІГІ

Алаштың ардақты ұлы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білім беру – жай ғана кәсіп емес, ол – ұрпақ алдындағы борыш пен ел алдындағы міндет» десе, бүгінгі жаһандану дәуірінде де бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – ұстаздар қауымына зор жауапкершілік жүктеп отыр. Бұл – тек кәсіби міндет қана емес, ел болашағына деген адалдық пен азаматтық борыш. Осындай жауапкершілікті арқалаған педагогтер қауымы – мемлекеттің басты назарында. Соңғы алты жылда білім саласында айтулы өзгерістер болды. Айталық, Мемлекет басшысының қолдауымен «Педагог мәртебесі туралы» Заңы қабылданып, ұстаздардың жалақысы 4 жыл ішінде екі есеге артты. Мемлекет үміт артып, зор сенім білдіріп отырған ұстаздар қатарында Алматы қаласының білім мекемелерінің қызметкерлері де бар.



Рая
ЕСКЕНДІР

Балабақша кезегі азайды

Алматы қалалық Білім басқармасының мәліметіне сай, бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім берумен 2 мен 6 жас аралығындағы балаларды қамту жоспары 93%-ға орындалды. Ендігі меже жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 95%-ға жеткізу. Мәселен, жылдың басынан бері Алматыда 65 мектепке дейінгі мекеме ашылса, №200, №202 және 63 жекеменшік балабақша ашылды. Бұған қоса, тағы да «Қайрат» ықшамауданында – 280 орынды, «Алтынбесік» ықшамауданында – 120 орынды балабақша ашылды. Дәл қазір «Құрамыс» және «Нұрлы Далада» ықшамаудандарында 320 орынды, «Қалқаманда» 240 орынды балабақша құрылысы жүріп жатыр. Осымен бір уақытта 4 балабақшада күрделі жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Сәтін салса, алдағы 2026 жылдың көктемінде пайдалануға берілуі тиіс. Мектепке дейінгі мекемелерде былтыр басталған ваучерлік қаржыландырудың пилоттық жобасының арқасында кезек саны 44%-ға азайып, 8 миллиардқа жуық теңге үнемделген.

Болашақ инвестициясы

Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектеп» ұлттық жобасына Алматы қаласы да белсенді түрде атсалысып келеді. Осы

жоба аясында қала әкімдігі бастапқыда 36,8 мың оқушыға арналған 22 мектептің құрылысын жоспарлаған болатын. Нәтижесінде бүгінде 32,8 мың орынды 13 мектеп пайдалануға берілді, ал алдағы жылы тағы 8 мектепті іске қосу көзделіп отыр.

Қаламыздағы байырғы білім ошақтарының бірі – №97 мектеп «Келешек мектеп» жобасының көшін бастап, алғашқы болып пайдалануға берілді. Сонымен қатар төмендегі жаңа мектептер өз жұмысын бастады:

- «Қарасу» шағынауданындағы 2000 орынды мектеп;
- «Самғау» ықшамауданындағы 2000 орынды мектеп;
- Рысқұлов даңғылы мен С.Әшімов көшесіндегі 2000 орынды мектеп;
- Райымбек даңғылы, 210 мекенжайындағы 2000 орынды мектеп;
- Егізбаев көшесі, 9 мекенжайындағы 2500 орынды мектеп;
- Құлжа тас жолының оңтүстігіндегі 2000 орынды мектеп;
- Сәбденов көшесі бойындағы «Шұғыла» 2500 орынды мектебі;
- «Құрамыс» шағынауданындағы 1500 орынды мектеп.

Мәселен, ұлттық жоба аясында «Алғабас» ықшамауданында бой көтерген 2000 және 1200 орынды екі мектептің құрылысына 5 млрд. теңге бөлінген. Бұл жаңа мектептер STEM-зертханаларымен, робототехника, физика, химия, биология кабинеттерімен, интеллектуммен, компьютерлік сынып-



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

тармен, акт залымен, медиатекамен, коворкинг аймақтарымен, шеберханалармен, сондай-ақ ашық ойын және спорт алаңдарымен жабдықталады. Жоспарға сәйкес, жаңа мектептер 2026 жылдың қаңтар айында есігін айқара ашпақ.

Бірыңғай ұлттық тәрбие

Жаңадан пайдалануға берілген мектептердің ішкі кеңістігі «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында әзірленген дизайн-кодпен безендірілген. Мұнда ұлттық болмыс пен заманауи стиль үйлесім тапқан.

Мектепте толық жабдықталған мәжіліс залы бар. Оның құрамына сахна, көрермен залы, эстрада, екі артистік бөлме, құрал-жабдық бөлмесі және киім ілетін арнайы орын кіреді. Ұл балаларды өмірге бейімдеп, еңбекке баулу мақсатында «Үй мәдениеті» шеберханасы жұмыс істейді. Бұл – технология және практикалық дағдыларды дамытуға арналған заманауи кеңістік. Шеберханада қысқыштары бар үстелдер, үстелдік бұрғылау және токарь станоктары, электр қайрақ, шаңсорғы агрегат орнатылған. Ағаш және металл өңдеу, жинақтау, конструкциялау, электр құрылғыларымен жұмыс істеуге арналған аймақтар қарастырылған. Оқушы қыздарға арналған «Үй мәде-

ниеті» кабинеті де заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұнда қауіпсіздік талаптарына сай бейімделген станоктар мен құралдар қойылған. Оқушылардың қауіпсіздігіне ерекше мән беріліп, сорғыш жүйелер, қорғаныс экрандары және жеке қорғаныс құралдары – көзілдірік, қолғап, алжапқыштармен толық жабдықталған.

Елімізде қабылданған «Мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы» заң жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы да жыл сайын кеңеюде. Мәселен, Алматыда инклюзивті білім беру мен психологиялық-педагогикалық қолдауға жағдай жасау деңгейі 90 пайызға артты. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған кабинеттер саны екі есе көбейіп, арнайы білім беру ұйымдарының желісі 230-ға жетті.

Сонымен қатар, Алматы мектептерінің оқушылары халықаралық олимпиадаларда да жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Жыл басынан бері дарынды оқушылар 34 халықаралық олимпиадаға қатысқан. Оның ішінде Алматы қаласының атынан қатысқан 245 оқушының 129-ы жүлдегер атанды. Атап айтқанда, 23 алтын, 45 күміс және 61 қола медаль жеңіп алынды. Өткен жылмен салыстырғанда, жеңімпаздар саны 603-ке артқан.

ЗАМАНАУИ, ЫҢҒАЙЛЫ ӘРІ ТЕҢГЕРІМДІ

ауруханалар мен емханалар жүйесі қалыптасты

Алматы – ел бойынша денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері жөнінен көш бастап тұрған қала. Шаһарда 221 медициналық мекеме мен 36 мыңнан астам сала маманы, соның ішінде 10 мың дәрігер еңбек етіп жүр. Биыл денсаулық сақтау саласын дамытуға 58 млрд. теңге бөлінді. Оның 56,2 млрд.-ы – қала бюджетінің қаржысы.



Нұржамал
ӘЛІШ

2025 ЖЫЛ: не берді?

Қаражат көзінің ұлғайғандығы сол, биыл медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін 2 орталық пен 1 емхана салынды (тағы 32 нысанда жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр).

Жедел жәрдем автопаркі 37%-ға жаңартылған. Бүгінгі күні жедел медициналық жәрдем қызметі қала тұрғындарына тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында I-III санаттары бойынша көмек көрсетеді. Жылдам әрекет етуді қамтамасыз ету үшін қаланың барлық ауданында орналасқан 12 қосалқы станция бар. 3500-ден астам қызметкері бар 200 бригаданың құрамына реанимация, қарқынды терапия, педиатриялық, дәрігерлік және фельдшерлік бригадалар, сонымен қатар заманауи медициналық технологиялар мен практикалық тәжірибесі бар жоғары білікті мамандар кіреді.

Алматы онкологиялық диспансерінде бұрын негізінен Еуропа мен АҚШ медициналық мекемелерінде қолданылған «KiroOncology» роботты химиотерапияны дайындау жүйесі енгізілді. Қазақстанда мұндай технология бірінші рет қолданылды. Бұл – онкологиялық тәжірибеде автоматтандыруға және қауіпсіздікті арттыруға бағытталған маңызды қадам.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Сондай-ақ, №3 қалалық емхана елімізде алғаш тіркеу орнындағы персоналдың жүктемесін айтарлықтай азайтатын жасанды интеллектімен дауыс беретін роботтар немесе виртуалды көмекші енгізілді. Дауыстық бот тәулігіне 300-ден астам адамға қоңырау шала алады.

Биыл Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында Денсаулық сақтау министрлігінің бастамасымен және «Аяла» қайырымдылық қорының қолдауымен «Омырау сүтінің жеке банкі» атты Қазақстандағы тұңғыш жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесі өте жақсы: салмағы 500-999 грамм сәбилердің өмір сүру деңгейі 64,7%-ға дейін өсті, былтырғымен салыстырғанда 2,7%-ға артты.

Шаһарда телемедицина, жасанды ин-

теллект және қашықтан денсаулық мониторингін біріктіретін Almaty Digital Medical Center (ADMC) цифрлық медицина орталығы іске қосылды. Пациенттерді Face ID арқылы сәйкестендіру, электронды аурухана парағы, анықтамалар және т.б. енгізілді.

Алматы медициналық туризм орталығы ретіндегі позициясын да нығайтып келеді. Қала стационарларында ТМД елдерінен, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген 280-нен астам шетелдік науқас емделген. Ең сұранысқа ие бағыттар – перинатология, онкология, офтальмология, хирургия және урология.

Ал дәл жыл аяқталар тұста медициналық екі жаңа нысан пайдалануға берілді. Анығырақ айтсақ, педиатриялық шұғыл көмекті дамытуда маңызды қадам жасалды – Бала-

лар клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы базасында медициналық кадрларды оқытудың заманауи симуляциялық орталығы жұмысын бастады. Симуляциялық оқыту жағдайында медбикелер бірнеше рет практикалық дағдыларды қолдана алады, яғни инъекциялар мен перифериялық тамырларды катетеризациялаудан бастап, асқазанды шаю және басқа процедураларға дейін. Демек, қатаң бекітілген алгоритмдер бойынша жұмыс істейді және пациенттер үшін қауіпсіз.

Мегаполистегі Жетісу ауданында «Құлагер» алғашқы медициналық-санитариялық көмек орталығы филиалының ашылуы да қала медицинасы үшін үлкен жаңалық болды. Әлемдік стандартқа сай салынған бұл заманауи медициналық нысан да қалалық денсаулық сақтау жүйесін дамытудағы маңызды қадам дейді мамандар.

2026 ЖЫЛ: не күтеміз?

Келер жылы денсаулық сақтау саласында бірыңғай стандартқа сәйкес қаладағы 475 мың тұрғынды медициналық қызметпен қамтитын медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін 11 нысан салынады. Сонымен қатар, 3 перзентхананың, 2 заманауи стационардың, 250 орынға арналған хоспис пен СПИД орталығының құрылысы басталады. Бұдан бөлек, 1,5 млн. тұрғынды қамтитын 16 қосымша жедел медициналық жәрдем станциясы салынады.

Дәлірек айтсақ:

I тоқсанда – «Алатау» қалалық емханасын қайта жаңарту, №2 перзентхана мен «Думан» шағынауданындағы емхананың;

II тоқсанда – 6 ірі жобаны бастау, соның ішінде 300 төсекке арналған көпбейінді аурухана, Балалар жедел медициналық жәрдем орталығы, №2 Балалар клиникалық ауруханасы, онкоорталық және 200 төсекке арналған перинаталдық орталық;

III тоқсанда – қалған нысандардың құрылысын бастау.

Нәтижесінде Алматыда заманауи, ыңғайлы әрі теңгерімді ауруханалар мен емханалар жүйесі қалыптасады. Бұл өз кезегінде медициналық көмекті барлық тұрғындарға қолжетімді әрі жайлы етеді.



АЛМАТЫ – ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

9 айда 1,8 миллион турист келді

Алматы Орталық Азиядағы ең дамыған мегаполис ретіндегі мәртебесін нығайтып келеді. Туризм саласындағы оң көрсеткіштер өңірдің негізгі бағыттарының бірі ретінде қалаға қызығушылықтың тұрақты өсіп отырғанын дәлелдейді. Туристер легінің артуы инфрақұрылымды дамыту, қызмет көрсету сапасын жақсарту және Алматының халықаралық танымалдығын кеңейту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін көрсетеді.



Дана
САДЫРҚАН

2025 жылдың үш тоқсанында мегаполиске 1 869 375 адам келген, бұл 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 8,1%-ға артық (1 729 601 адам). Солардың ішінде 563 мыңы шетелдік туристер болып, 11%-ға өсті, ал 1,3 млн. ішкі саяхатшылар, олардың саны 6,9%-ға артқан.

Негізгі елдерден келген шетелдік қонақтар санының өсуі байқалады. 2025 жылдың тоғыз айында Алматыға Ресейден 124,2 мың адам келген, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 5,7%-ға көп. Қытайдан келген қонақтар саны 102,1 мың адамға жетіп, бірден 39,2%-ға өсті. Үндістаннан келгендер легі 85,6 мың адамға жетіп, 3,5% өсім көрсетті.

Сондай-ақ, шетелдік туристер саны бойынша көш бастап тұрған елдер қатарында Түркия (28 670 адам, өсім

9,1%), Корея Республикасы (18 535 адам, өсім 17,5%), Германия (12 549 адам, өсім 15,6%), Қырғызстан (12 356 адам, өсім 18,9%), Өзбекстан (12 259 адам, өсім 8,9%), Ұлыбритания (10 143 адам, өсім 7,1%), Италия (7637 адам, өсім 28,5%), Сауд Арабиясы (6750 адам, өсім 5,2%), Малайзия (5773 адам, өсім 16,9%) және Франция (4688 адам, өсім 25,4%) бар.

Халықаралық турис-



тер санының өсуіне туристік инфрақұрылымды дамыту мен қонақтарға арналған заманауи цифрлық әрі сервистік

шешімдерді енгізудің нәтижесінде қол жеткен. Алматы келушілер географиясын кеңейтіп, саяхатшылар үшін қолайлы жағдай жасап, демалыс пен іскерлік туризмнің тартымды бағыты ретінде позициясын нығайтып отыр.

Халықаралық деңгейде танылу жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін растайды. Алматы 2025 жылы баруға ұсынылған бағыттар тізіміне CNN арнасы тарапынан енгізілді, ал британдық The Telegraph басылымы Алматыны «Орталық Азияның інжу-маржаны» деп атады. Booking.com талдамалы дерегіне ше, Алматы Орталық Азиядағы туристік бағыттар арасында ең жылдам дамып келе жатқан ондыққа кіреді.

ҰДАЙЫ ДАМУ ҮСТІНДЕ

Шаһар шаруашылығы биылғы жылды қалай қорытындылады?

Алматы – елдің экономикалық, мәдени және қоғамдық өмірінің жүрегі саналатын, үнемі даму үстіндегі заманауи мегаполис. Биыл қала шаруашылығы саласында нақты нәтижеге бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылды. Қаланың Бас жоспарын жаңарту, көлік жүйесін түбегейлі қайта қарау, экологияны жақсарту, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және жайлы қалалық орта қалыптастыру бағыттарын да жүйелі қадамдар жасалды.

Ең маңызды өзгерістердің бірі – қаланы дамытудағы ашықтық пен тұрғындардың белсенді қатысуы. Қоғамдық талқылаулар ашық форматта өтіп, қала тұрғындары мен сарапшылардың ұсыныстары ескерілді. Бұл Алматының болашағы әкімшілік шешімдермен қатар, қала халқының ортақ пікірімен қалыптасып жатқанын көрсетті.



Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас жоспар: ортақ мүдде құжаты

2040 жылға дейінгі Алматының Бас жоспарын түзету биылғы жылдың басты оқиғаларының бірі болды. Жаңартылған құжат Алматыны полиорталықты қала ретінде дамытуға негізделген. Бұл тарихи орталыққа түсетін жүктемені азайтып, барлық ауданда өмір сүру сапасын теңестіруге бағытталған.

Жоспарға сәйкес, қалада бес ірі полиорталық – «Тарихи орталық», «Шығыс қақпасы», «Батыс», «Оңтүстік-батыс» және «Солтүстік» қалыптастырылмақ. Бұл шешім тұрғындарға жұмыс, қызмет көрсету, демалыс пен инфрақұрылымды өз аудандарында қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Көлік жүйесі: қала – адамдар үшін

Биыл Алматыда көлік мәселесіне ерекше назар аударылды. Қаланың басты ұстанымы – қаланы көліктер үшін емес, адамдар үшін қолайлы ету. Метро желісін кеңейту, BRT және LRT жобаларын іске қосу, қоғамдық көлікке басымдық беру – кептеліс пен экология мәселесін шешудің негізгі жолы ретінде қарастырылды.

2026 жылы BRT және LRT жобаларының құрылысы басталады. Сонымен қатар, метро желісі әуежайға және Алатау қаласына дейін созылады. 2026 жылы «Қалқаман» метро бекетінің іске қосылуы жоспарланған. Одан бөлек, «Қалқаман» мен «Барлық» базары арасындағы



Суретті түсірген – Самат ҚҰСАЙЫНҰЛЫ.

5,3 шақырымдық жаңа желінің құрылысы басталып, «Жібек жолы» бекетінен әуежайға дейінгі 14 шақырымдық қамтитын екінші желі жобасы әзірленіп жатыр.

Қала әкімі Дархан Сатыбалдының айтуынша, алдағы бес жылда қала тұрғындарының 65%-ы қоғамдық көлікті пайдаланатын болады. Биылдың өзінде 940 газбен жүретін автобус пен 153 электробус сатып алынып, көлік паркі айтарлықтай жаңарды.

Бюджет және инфрақұрылым: даму бағыты айқын

Алматы қалалық мәслихатының сессиясында 2026 жылға арналған бюджет жобасы қаралды. Жалпы бюджет көлемі – 2,8 трлн. теңге, оның 2,5 трлн. теңгесі қаланың өзіндік кірістері есебінен қалыптасады.

Даму бюджетінің үлесі 30,4%-ға дейін артты, ал әкімшілік шығындар қысқартылды. Әлеуметтік міндеттемелер толық сақталып, 700 млрд. теңге деңгейінде қалды.

Бюджеттің басым бөлігі инфрақұрылымға бағытталып, көлік жүйесін дамытуға – 504 млрд. теңге; су, жылу және кәріз желілерін жаңғыртуға – шамамен 400 млрд. теңге; қаланы көріктендіруге – 270 млрд. теңге қарастырылды.

Жол және көше инфрақұрылымы

2025 жылы қалада 300 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізіліп, 30 шақырым тротуар жаңартылды. 11 көшеде кешенді көріктендіру жұмыстары аяқталды. Сыртқы жарықтандыру аясында 32 мыңнан астам шам орнатылып, 1100-ден астам бұрын жарықтандырылмаған аумақ қамтылды. Бұл қала қауіпсіздігі мен тұрғындардың жайлылығын арттырды.

Экология: таза ауа – басты мақсат

Экология Алматы үшін әрдайым басым бағыт болып қала береді. 2030 жылға дейін қалада 1,3 млн. ағаш пен бұта егу жоспарланған. Бұдан былай саннан бұрын жасыл желектің сапасы мен төзімділігіне басымдық берілмек.

2026 жылдың соңына дейін 2-ЖЭО толықтай табиғи газға көшіріледі, бұл зиянды шығарындыларды 90%-дан астам азайтады. Келесі кезеңде 3-ЖЭО-ны бу-газ технологиясымен жаңғырту жоспарланған.

Сонымен қатар, қалдықтарды басқару жүйесі түбегейлі өзгереді: жылына 80 мың тонна пластик, 150 мың тонна макулатура өңдейтін зауыттар салынып, тәулігіне 2 мың тонна қалдықтарды өңдейтін қоқыс жағу зауыты іске қосылады. Бұл 2030 жылға қарай қалдықтарды қайта өңдеу үлесін 37%-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Инженерлік инфрақұрылым: сенімді жүйе – тұрақты қала

Биыл 330 шақырым су құбыры салынды, 39 шақырым жылу желісі, 221 шақырым электр желісі жаңартылды. Бұл іс-шаралар коммуналдық жүйелердің тозуын азайтып, жүздеген мың тұрғынды сапалы қызметпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, бұл жыл Алматы үшін бос өткен жоқ. Қала дамуы нақты жоспарға, ашық диалогқа және ұзақ-мерзімді мақсаттарға негізделді. Әрбір бастаманың түпкі мәні – тұрғындардың өмір сапасын арттыру, қаланы қауіпсіз, экологиялық таза әрі қолайлы етуге жұмыс істеді.

Әрине, шешілмеген мәселелер де бар. Алайда, биылғы атқарылған жұмыстар Алматының даму бағыты дұрыс таңдалғанын көрсетеді. Ең бастысы – қала болашағы билік пен халықтың бірлескен еңбегі арқылы қалыптасып келеді. Алматы – халықтың үміті мен тіршілік қазаны қайнаған, ортақ жауапкершілікті талап ететін қала. Алдағы Жылқы жылы мегаполистің алдында атқарылар жұмыс аз емес. Бұл өз кезегінде дамуға деген талпынысты, жаңашылдыққа ұмтылысты қажет етеді. Заманауи әрі жайлы қалаға бастар жол біртіндеп қалыптасып келеді, оны нақты істер мен бірлескен күш-жігер айқындай түспек.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Мемлекет пен азаматтардың сенім көпірі



Қазіргі қоғамда басқару жүйесінің ашықтығы мен халықтың шешім қабылдау үдерісіне қатысуы – демократиялық дамудың негізгі көрсеткіштерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Қоғамдық кеңес институты мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы байланысты нығайтатын маңызды алаң ретінде қалыптасты.



**Дана
САДЫРҚАН**

Қоғамдық кеңестер мемлекеттік басқарудағы жабықтықты азайту, азаматтардың пікірін ескеру және қоғамдық бақылауды күшейту қажеттілігінен туындағаны белгілі. Оның басты миссиясы – мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің әлеуметтік салдарын алдын ала талқылау, қоғам мүддесіне сай ұсыныстар әзірлеу.

Қоғамдық кеңес мегаполис өміріндегі мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарып, халықтың билікке деген сенімін арттыруда. Демек, бұл – жәй ғана консультативтік орган емес, азаматтық қоғамның кемелденуінің көрсеткіші. Сондықтан Қоғамдық кеңестің әлеуетін толық іске асыру – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.

Қоғамдық кеңестің маңыздылығы

Бүгінде қоғамдық кеңестер жұмысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен үндестік тауып, мемлекет пен қоғамды байланыстырушы көпірге айналды. Әсіресе, республикалық және жергілікті деңгейде талқылаулар мен шешімдер қабылдау кезінде халық пікірін ескеріп, ел ішіндегі мәселелерді қозғап, азаматтық қоғамның мүдделерін біріктіргенде Ұлт жоспарына қажетті маңызды институт екеніне көз жеткіземіз. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы 2015 жылғы 2 қарашада қабылданды. Содан бері қоғамды бақылаушы жаңа саяси институт пайда

болды десек те артық айтпаймыз. Басты артықшылық – әртүрлі әлеуметтік топтардың мүддесін бір алаңда тоғыстыруында. Кеңес құрамында үкіметтік емес ұйым өкілдері, сарапшылар, журналистер, белсенді азаматтар бар. Бұл плюрализм мәселелерді біржақты емес, кешенді тұрғыда қарауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, мемлекеттік органдардың ашықтығын арттырып, халық сенімін нығайтады, сыбайлас жемқорлықты төмендетуге ықпал етеді. Дегенмен, Қоғамдық кеңестердің қызметінде түйткілдер де бар. Мәселен, кей жағдайда кеңес ұсыныстары тек кеңес беру сипатында қалып, нақты шешімдерге әсер етпей жатады. Тағы бір маңызды мәселе – қоғамның кеңес жұмысы туралы ақпарат алу деңгейінің төмендігі. Бұл өз кезегінде азаматтардың белсенділігін шектейді.

Алматы қаласында Қоғамдық кеңес 2016 жылы көктемнен бастап жұмыс істей бастады. «Қоғамдық кеңестің негізгі міндеті – мониторинг жүргізу. Бұл халықтың мұң-мұқтажын, ұсыныс-пікірін билікке жеткізудің тиімді жолы. Яғни кеңес – билік пен қоғам арасындағы ашықтық пен сенімді қамтамасыз ететін маңызды құрал. Бізге артылған сенімді ақтап, қоғаммен байланыс орнату бағытында белсенді жұмыс істейміз, – деді қоғамдық кеңестің төрағасы Махамбет Хасенов.

Институттың қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға бағытталған мынадай өкілеттіктерін атап өткен жөн:

– мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің тиімділігін, ашықтығын және ашықтығын арттыру;

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Богдан ДЖЕПКА,
Мүгедектігі бар адамдарды оңалту жөніндегі Алматы мүгедектер қоғамының мүшесі:



ҰСЫНЫС НАҚТЫ БАҒДАРҒА АЙНАЛУЫ ТИІС

Кейбір даталар уақыттың өтуін ғана білдірмейді, олар тұтас бір дәуірге сызық сызады. Биыл Қазақстандағы қоғамдық кеңестердің он жылдығы – дәл сондай маңызды кезең. Бұл мереке – тек бір құрылымның мерейтойы емес, азаматтық қоғамның кемелденуінен хабардар ететін тарих. Сол қоғаммен бірге біз де өсіп-жетіліп келеміз. Әуелі сарапшы, кейін қатарынан екі құрамда Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшесі болдым. Бұл арада «толқыдым» деу жеткіліксіз болар. Неге екені белгісіз, мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы сөз болғанда, көпшілік біздің жұмысымызды тек қолжетімді инфрақұрылыммен шектейді. Ал шын мәнінде оқыту, мүгедектігі бар адамдарды, қарттарды және СУСН санатындағы азаматтарды жұмыспен қамту, ПМПК-мен жұмыс, мүгедектікті белгілеу мәселелері, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған жандарды сүйемелдеуде атқарылатын жұмыстар әлдеқайда ауқымды. Аталғандар – «қоғамдық белсенді» деген ұғымның артында тұрған істің аз ғана бөлігі. Біздің ұсынымдарымыз формалдылық емес, нәтиже үшін нақты бағдарға айналуы тиіс. Әйтпесе, қоғамдық бақылаудың күші тек әлеуетті күш болып қала береді. Он жыл – мұндай маңызды институт үшін аса үлкен жас емес. Бірақ егер біз осы қарқынды, сенімді бағыттан таймасақ, алдымызда кемелдену, жауапкершілік және үлкен жетістіктер дәуірі күтіп тұр.

Рахман АЛШАНОВ,
«Тұран» университетінің ректоры, профессор, Қазақстан ЖОО қауымдастығының президенті:



КЕҢЕСКЕ ЛАЙЫҚТЫ АЗАМАТТАР САЙЛАНДЫ

Қоғамды тыңдау, халықтың пікірін естіп, оны ескеріп іске асыру баяғыдан айтылып жатқан дүние ғой. Осы әңгімелер жүйелі түрде қарастырылып, 10 жыл бұрын мәжіліс депутаттары Қуаныш Сұлтанов, Нұрлан Әбдіров, Серік Сейдуманов Қоғамдық кеңестер туралы заңның жобасын дайындады, Парламент оны қабылдады. Осыған байланысты құрамға кіретін азаматтар нағыз белсенді, халықтың мүддесін білетін, жанайқайын жеткізе алатын, тәжірибелі, білікті азаматтардан тұратын ұйым өте жауапты міндет болды. Әрине, бір жағынан әкімшілік өзіне ыңғайлы, шу көтермейтін адамдардан тұратын қоғамдық кеңестерді қажет ететіні түсінікті. Алматы қаласының бірінші, екінші сайлауында жаңа заңға лайықты, елдің ойынан шығатан азаматтар сайланды деп ойлаймын. Десек те, сөздері мен істері бір-біріне кереғар өзінің қамын ойлайтындар қоғамның дамуына жол ашпайды. Мұндай жағдайда қоғам мен билік бір-бірін дұрыс түсінбей, дамудың жаңа сатысына көтерілмей, артта қала береміз.

Біздің қаламыз – елдегі ең ірі әрі тез дамып келе жатқан мегаполис. Мұндай қалада өсу қарқынының әрқелкілігі, реттеуші құжаттардың дер кезінде қабылданбауы және жылдар бойы жиналған тұрғындардың шағымын тудырған мәселелер аз емес. Алғашқы шешілетін мәселенің бірі – тұрғындардың шағымын тудырған КСК-лардың жұмысы болды. Кеңеске КСК бойынша 100-ден аса өтініш келіп түсті. Екінші сынақ – елдің ұлттық батыры, Олимпиада жүлдегері Денис Теннің қаза болуы еді. Қоғамдық кеңес арнайы отырыс өткізіп, Қазақстанның құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша ұсыныстар әзірледі. Тағы бір резонансты мәселе – «BEK Air» әуе компаниясы ұшағының апатқа ұшырауы. Қайтыс болғандардың ішінде қоғам қайраткері, генерал Рүстем Хайдаров та болды. Қоғамдық тыңдаулар барысында әуежайдың заңсыз құрылысқа берілгені, рұқсат құжаттары заңға қарамастан оңды-солды таратылғаны, прокуратураның немісқұрайлылық танытқаны анықталды. Барлық ұсыныс тиісті мемлекеттік органдарға жолданды. Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі қаланың қоғамдық өмірінде лайықты орын алды және азаматтар үшін үлкен мектеп болды.

– қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған Азаматтық бастамаларды іске асыру;

– азаматтардың мемлекет пен оның органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне деген сенім деңгейін арттыру, қоғам мен мемлекет арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету, әлеуметтік жанжалдардың алдын алу және оларды шешу;

– халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту.

Айта кетейік, Алматы қаласындағы Қоғамдық кеңес 42 мүшеден тұрады. Олардың 70 пайыздан астамы – кеңеске алғаш рет кірген тұлғалар. Арасында жастар, мүмкіндігі шектеулі жандар, қандастар, этномәдени бірлестіктер мен түрлі қоғамдық ұйым өкілдері бар.

ТҮЙІН:

Қоғамдық кеңестің қызметі көбінесе нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау, мемлекеттік бағдарламалар мен даму жоспарларына қоғамдық сараптама жүргізу, әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша тыңдаулар ұйымдастыру, мемлекеттік орган басшыларының есептерін тыңдау секілді бірнеше негізгі бағытты қамтиды. Сондықтан аталған институт биліктің тек атқарушы функциясын емес, есеп берушілік мәдениетін де қалыптастыруға ықпал етеді. Тіпті, бұл саяси институт арқылы тұрғындар өз ұсынысы мен азаматтық пікірін ашық жеткізе алады.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МҰРАСЫ

Алматыда цифрлық платформа құрылады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биыл мамырда Орталық Азия елдерінің тарихи-мәдени мұрасын біріктіруге арналған бірыңғай цифрлық платформаны құру туралы ұсынысты мақұлдаған. Бұл бастаманы көтерген ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәдениет комитетіне қарасты «Қазқайтажаңарту» республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асырады. Осыған орай, кәсіпорынның бас директоры, тарих ғылымының кандидаты Олжас ШАРИЯЗДАНОВТАН алған сұхбатымызды оқырманға ұсынамыз.

– Олжас Қазбекұлы, Президент қолдаған ұсынысты жүзеге

асыру бойынша қандай қадамдар жасалуда?

– Бұл бастама аймақтағы елдердің артефактілерін, құжаттарын, фотосуреттерін және зерттеулерін ғалымдар мен көпшілікке қолжетімді бір виртуалды кеңістікке біріктіруді көздейтін бірегей жоба. Мемлекет басшысы мамыр айында: «Мұндай платформа мәдени бірегейлікті сақтау ісінде нағыз серпіліс болуы мүмкін. Біз тек нысандардың каталогтарын жасау туралы ғана емес, әркім ортақ тарихтың байлығына бойлай алатын интерактивті ортаны құру туралы айтып отырмыз», – деген еді бастаманы қуаттаған сөзінде. Осыған орай, ҚР Премьер-министрінің орынбасары – ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның тапсырмасымен «Қазқайтажаңарту» республикалық мемлекеттік кәсіпорны платформаны құру бойынша белсенді жұмыстар жүргізіп келеді.

Осы мақсатта Кәсіпорын Орталық Азияның археологиялық ландшафттары (CAAL) жобасын іске асыру аясында Лондон университеттік колледжімен (UCL) Arcadia қайырымдылық қорының қолдауымен келісім жасасты. Аталған келісімге сәйкес тараптар Қазақстан Республикасы мен Орталық Азияның тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, мониторинг жүргізу және басқару бойынша цифрлық шешімдерді бірлесіп енгізуге уағдаласты. Бұл үлкен қадамның бастауы дер едік.

– Бұл платформаның ерекшелігі неде?

– Жалпы, платформа бойынша жұмыс бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды. Ең алдымен, мұра нысандарының бірыңғай цифрлық каталогын құру жоспарланып отыр. Онда барлық қазақстандық ескерткіштер туралы айталық, археологиялық ескерткіштер, қала құрылысы және сәулет ескерткіштері, ансамбльдер мен кешендер, сакралды нысандар, монументалды өнер құрылыстарын зерттеу нәтижелері және жүргізіліп жатқан реставрациялық жұмыстар туралы деректерді шоғырландыруға мүмкіндік береді. Яғни фотог-

рамметрия және геоинформациялық технологияларды енгізуге ерекше көңіл бөлінеді.

Жобаның жеке аспектісі ретінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан мамандарын біріктіретін сараптамалық қауымдастықты қалыптастыру қарастырылған. Цифрлық мұраны сақтау саласындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған бірлескен ғылыми іс-шаралар, семинарлар және оқыту бағдарламаларын өткізу жоспарланып отыр.

Қойылған міндеттердің іске асырылуы ескерткіштерді неғұрлым тиімді қорғауға және олардың зерттеушілер мен көпшілік үшін қолжетімділік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы – бірлескен ынтымақтастық негізінде орындалатын жұмысқа Қазақстан бюджетінен арнайы қаражат бөлінбейді.

– Биыл қандай тарихи-мәдени ескерткіштерге ғылыми реставрация жұмыстары жасалды?

– Биыл «Қазқайтажаңарту» РМК ұжымы тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтау мен қалпына келтіруде нәтижелі жұмыстар атқарды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 20-дан астам маңызды нысанды жаңғырту жұмыстары сәтті аяқталды. Атап айтқанда, Түркістан облысындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде, Абай–Шәкәрім мемориалдық кешенінде, Сауран, Сығанақ, Жанкент, Отырар қалашықтарында, Ежелгі Түркістан қаласының аумағында, Шәмет Ишан және Аппақ Ишан мешіт-медреселерінде, Бөкей ордасындағы Жәңгір хан мешіті мен мазарына, Қызылордадағы Құтыбай мавзолейінде (XVIII–XIX ғ.ғ.), Солтүстік Қазақстан облысындағы көпес Юзефовичтің үйінде (қазіргі Бейнелеу өнері музейі) ғылыми реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Барлық нысандарда реставрация және консервациялау жұмыстары ғылыми зерттеулерге, тарихи деректерге және түпнұсқалықты сақтау қағидаттарына толықтай сәйкес орындалды.

Солардың бірі – Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасындағы реформатор, ағартушы Жәңгір хан салдырған тарихи-мәдени және рухани кешенге ғылыми реставрация жасалды. Бұл Жошы Ұлысының заңды жалғасы – Қазақ хандығының тарихи-мәдени мұрасын

сақтап, келер ұрпаққа жеткізудегі «Қазқайтажаңарту» мекемесінің жүйелі істерінің бірі.

Хан Ордасындағы ғылыми реставрация жұмысы аясында Жәңгір хан салдырған мешіт толықтай жаңартылды. Қасиетті ғимараттың шатырлары толық ауыстырылып, кіреберіс алдындағы плиталар мен басты тіреулері қайта жаңғыртылды. Сондай-ақ, мешіттің күмбезі мен мұнарасына да жөндеулер жүргізіліп, тарихи ғимараттың ішкі және сыртқы жарық шамдары жаңартылды. Сонымен қатар, ғимараттағы ескірген, табиғи түрде тозған барлық сәулет элементі тарихи дәлдікпен, түпнұсқа материалдармен қайта қалпына келтірілді. Нәтижесінде мешіттің ерекше тарихи сәндік келбеті жаңарып, Хан Ордасының тарихи және сәулет көркемдігі түрлене түсті.

Сондай-ақ, Хан Ордасынан 4 шақырым жерде орналасқан Жәңгір ханның мазары да тұтастай жаңғыртылды.

– Ғылыми реставрациядағы ең күрделі және қиынықты жұмыстың бірін атап айтып берсеңіз?

– Биыл ЮНЕСКО тізіміндегі Ясауи кесенесі күмбезінің сталактиттерін зерттеу және оның макетін дәлдікпен жасау жұмыстары алғаш рет жүргізілді. Бұл тарихи ескерткіштің күмбезіне реставрация жасаудың қауіпсіз әрі ұтымды әдістемесін қалыптастырады.

Жалпы, зерттеу мен макеттеудің мақсаты – күмбездің ішкі құрамдас бөлігі мен сталактиттерін құрылымдық деградацияға ұшырау қаупінен сақтау. Сонымен қатар, макеттеу жұмысы көпшілікке орта ғасырлық сәулетшілер мен шеберлердің инженерлік тапқырлығын, қолданған ою-өрнектері мен кеңістіктегі көркемдік шешімдерді тереңірек таныстыруда қолданылады.

Сондай-ақ, күмбездің кеңістігіндегі мыңдаған тіреу ағашының жағдайы жеке-жеке бағаланып, құрылымдық тұрақтылыққа әсері талдануда. Бұл іс-шара бөренелердің физикалық және биологиялық қасиеттерін жеке-жеке талдап, алынған деректерді терең зерделеуге жол ашты. Бұл болашақта күмбезінің сталактиттерін қайта жаңғыртуға, туристерге ғажайып архитектураның құрылымын түсіндіруге мүмкіндік береді.

– Рахмет! Істеріңізге сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан Ернұр РЫСБАЙ.

XXI ҒАСЫР МЕКТЕПТЕРІ

ATL – тұлға қалыптастыратын жүйе

Бүгінгі XXI ғасырдың мектебі – бұл тек пәндік білім берумен ғана шектелмей, қанатын кеңге, құлашын өрге тартуға тиіс. Яғни ойлай алатын, жауапкершілікпен шешім қабылдайтын, өзгемен ынтымақтастықта жұмыс істей білетін тұлға қалыптастыратын кеңістік. Міне, дәл осындай ұстаным бүгінгі күні әлемдік білім жүйесінде басты бағытқа айналып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сол үрдістің нақты көрінісі – IB MYP Candidate School – Ы.Алтынсарин атындағы №159 мектеп-гимназиясында өткен қалалық семинарда айқын көрінді. Бұл күні Алматы қаласындағы IB MYP бағдарламасына үміткер бес мектептің мұғалімдері бір алаңға жиналды. Бұл – бәсекелестік емес, әріптестік үстемдік еткен орта болды. Идея алмасу, ортақ мәселелерді талқылау, болашақ ынтымақтастық жоспарлары – мұның бәрі педагогикалық қауымдастықтың жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетті.

«ATL дағдылары – XXI ғасыр мұғалімі мен оқушысының табысты дамуының негізі» тақырыбында өткен бұл қалалық семинар кездейсоқ ұйымдастырылған іс-шара емес. ATL (Approaches to Learning) – IB бағдарламасының өзегін құрайтын, оқушының өмір бойы үйрену қабілетін



Суретті түсірген: автор.

қалыптастыратын кешенді дағдылар жүйесі. Олар: ойлау, зерттеу, коммуникация, өзін-өзі басқару және әлеуметтік дағдылар. Семинардың басты мақсаты – осы дағдыларды күнделікті сабақ үдерісіне қалай тиімді кіріктіруге болатынын нақты тәжірибе арқылы көрсету, мұғалімдер арасында кәсіби диалог орнату, ортақ түсінік қалыптасты-

ру болды, – дейді гимназия басшысы Эльмира Бидайбекова.

Семинар жұмысы ашық сабақтардан басталды. Қатысушы мұғалімдер теория тыңдаушы емес, нақты үдерістің куәгері болды. Сабақ барысында оқушылардың өз ойын дәлелдеп айтуы, сұрақ қоюы, топпен жұмыс істеуі, рефлексия жасауы – ATL дағдыларының қағаз жүзінде емес, шынайы әрекетте жүзеге асып жатқанын көрсетті. Мәжіліс залында өткен негізгі бөлімде тәжірибелі педагогтер өз шеберлік сабақтарын ұсынды. Мәселен, Жәмила Қалтаева, Мальвина Айсаяева, Анар Өмірбек, сондай-ақ «Zaman School», «Miras International School» өкілдері ATL дағдыларын пәнге кіріктірудің нақты үлгілерін ортаға салды.

Бұл кездесулердің құндылығы – жасанды есептер мен жалпылама баяндамаларда емес, нақты сыныптағы шынайы жағдайлар мен шешімдердің бел ортасында жүрді. Семинардың тағы бір ерекшелігі – оқушылардың белсенді рөлі. Мектеп парламентінің мүшелері қонақтарды қарсы алып, мектептің спорт залы, бассейні, кітапханасы мен оқу кеңістіктері бойынша кәсіби деңгейде экскурсия жүргізді. Олардың еркін сөйлеуі, жауапкершілікпен әрекет етуі, өз мектебіне деген мақтанышы – ATL дағдыларының ең басты нәтижесі екенін аңғартты. Әр спикер өз мектебіндегі табысты және қиын тұстарды жасырмай айтып, кәсіби ашықтықтың үлгісін көрсетті.

Бүгінгі білім беру жүйесінде басты сұрақ – оқушы нені біледі емес, ол не істей алады дегенге саяды. Айтулы №159 мектеп-гимназиясында өткен бұл семинар осы сұраққа нақты жауап берді.

ATL дағдылары – уақытша тренд емес, болашаққа салынған инвестиция. Мұндай бастамалар көбейген сайын, мектеп қабырғасынан тек түлек емес, саналы азамат шығатынына сенім арта аламыз.

ХАЛЫҚ ҚАДІРЛЕГЕН ҚАҺАРМАН

Бауыржан Момышұлының ескерткішіне гүл шоқтары қойылды



Алматы қаласындағы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінде Бауыржан Момышұлының ескерткішіне салтанатты түрде гүл қою рәсімі өтті. Іс-шараға даңқты қолбасшының туыстары, әскери қызметкерлер, зиялы қауым өкілдері, ҰҚК Шекара академиясының курсанттары және қала тұрғындары қатысты. Олар батыр рухына бір минут үнсіздікпен құрмет білдірді. Жиында Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова жылы естеліктерін айтты.



Ернұр
РЫСБАЙ

– Марқұм атам бір кезде: «Мен өлгеннен кейін де тірілердің арасында өмір сүретін боламын», – деп айтқан еді. Ол кезде жас болдым, бұл сөздің мәнін толық түсіне бермедім. Ал қазір айналама қарасам, расында да солай екенін көріп отырмын. Бүкіл Қазақстан атам «Халық қаһарманы» атағы берілгеніне қуанып жатыр. Демек, ол сөздер шын мәнінде көрегендікпен айтылған. Ол расымен де тірілердің арасында өмір сүріп келеді, – деді Зейнеп Ахметова.

Іс-шараға Қазақстанның Еңбек Ері, педагогика саласының ардагері, Алматы қаласының Құрметті азаматы Аягүл

Миразова да қатысты. Ол сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағын беруі бүкіл ел үшін үлкен қуаныш болғанына айрықша тоқталды.

– Халық оны бұрыннан батыр деп таныған. Ал ресми түрде, құжат жүзінде мойындалуы – аса маңызды әрі тарихи оқиға. Бауыржан Момышұлының еңбегі тек елімізде ғана емес, шетелдерде де жоғары бағаланады, оның әскери тактикасы әлі күнге дейін зерттеліп келеді. Оның соңында тек әскери емес, тәрбиелік мұра да қалды. Мен педагог ретінде, 50 жыл ұстаздық еткен адам ретінде айтарым: оның ұлттық құндылықтарға көзқарасы, тәрбиелік ұстанымы – бірегей.

Сондықтан Бауыржан Момышұлының әрбір сөзі мен өсиеті мектеп бағдарламасына енуі керек. Өйткені, өсіп келе жатқан ұрпақ үшін оның өнегесі айрықша маңызға ие, – деді Аягүл Миразова.

Жиынға академик, Қазақстан ғалымдар одағының президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Оразалы Сәбден де қатысып, Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағының берілуін ұлттық рухты көтеретін маңызды оқиға ретінде бағалады.

– Бүгін – шын мәнінде айтулы күн. Кеше ғана бүкіл Қазақстан Президент Жарлығымен әлемге танымал батыр Бауыржан Момышұлына «Халық қаһарманы» атағы берілгеніне куә болды. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде Бауыржан Момышұлының 115 жылдығы аталып өтуде. Идеологияны сырттан іздеудің қажеті жоқ. Біздің идеологиямыз – Абай мен Бауыржан. Осы екі ұлы тұлғаның даналығы мен ерлігін ұштастыра білсек, қазақ халқы биік белестерге көтеріледі, – деп түйіндеді Оразалы Сәбден.



Салтанатты іс-шарада ҰҚК Шекара академиясының курсанттары Бауыржан Момыш-

ұлының ескерткіші алдында сап түзеп өтіп, батырға әскери құрмет көрсетті.

ҰЛТТЫҚ ҰЛАН

Арман. Тілек. Қуаныш.

Жауынгерлерге жылу сыйлаған сәт

Жаңа жыл қарсаңында кішкентай балалардың ғана арманы орындалады деп кім айтты?! ҚР Ұлттық ұланының Бас қолбасшысы, генерал-майор Аңсаған Балтабеков мерзімді әскери қызметін өтеп жүрген сарбаздардың да арманын орындады.



Нұржамал
ӘЛІШ

Дәлірек айтсақ, жауынгерлер арасында арнайы сауалнама жүргізіліп, олар өз тілегін бүкпесіз, ашық жеткізген болатын. Әрине, ешқайсысы тілегіміз орындалады деп күтпесе керек, кезекті бір іс-шара деп қабылдаған сыңайлы. Алайда, армандар орындалады екен.

Мәселен, Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Райымбек Бақытбек бала күнінен шоколад өнімдерінің қалай дайындалатынын көргісі келетін арманы болған екен. Бас қолбасшының жаңажылдық тартуы ретінде оған еліміздегі танымал «Рахат» кондитерлік фабрикасына экскурсия ұйымдас-



тырылды. Сарбаз тәтті өнімдердің өндіріс технологиясымен танысып, Қазақстанның танымал брендіне айналған фабриканың жұмысын өз көзімен көрді.

Ал іргеміздегі Алатау қаласындағы 6654 әскери бөлімінде қызмет ететін Дас-

тан Нұрлан Жаңа жыл қарсаңында бүкіл ротасына мерекелік көңіл күй сыйлауды армандап, бір жәшік мандарин тіледі. Ұлттық ұлан Бас қолбасшысынан келген сәлемдемені ол өзіне ғана қалдырмай, қарулас достарымен бөлісіп, бөлімшеге ортақ қуаныш сыйлады.

Тараз қаласындағы 5513 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Александр Мирошин бұрын-соңды ұшаққа мініп көргенін және көкке көтерілуді армандай-

тынын жазған көрінеді. Оның бұл тілегі Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының қолдауымен орындалды. Ұшудың алғашқы сәттерінен-ақ сарбаздың қуанышы мен толқуы айқын байқалды. Шынайы бақыт, қуаныш сезімі оны бүкіл сапар бойы жетелеп отырды. Алайда, оның жаңажылдық қуанышы мұнымен аяқталған жоқ. Қонған сәттен кейін Александрды тағы бір тосын сый – анасымен қауышу күтіп тұрды. Сарбаздың анасы Наталья Мирошина бұл күні тек ұлының ғана емес, өзінің де арманы орындалғанын жеткізді. Себебі, әскердегі баласымен жүздесу – Жаңа жылда көп отбасылар аңсайтын ең қымбат сый.

Ал Өскемен қаласындағы 5518 әскери бөлімінің қатардағы жауынгері Элербек Сұлтанқұлов сурет салуға деген қызығушылығын қайта жандандырғысы келетінін айтқан. Оның тілегі күтпеген әрі әсерлі сәтте орындалды. Шығармашылыққа арналған құрал-жабдықтар кешкі тексеріс кезінде табысталды. Бұл сарбаз үшін ерекше есте қаларлық сәт болды.

Осы әскери бөлімде қызмет ететін қатардағы жауынгер Жүніс Қарабаевтың тілегі де көпшіліктің жүрегін елжіретті. Ол отбасының суреті бейнеленген шыныаяқ армандаған. Генерал-майор Аңсаған Балтабеков табыстаған бұл сый сарбаз үшін туған үйін, жақындарын және алыста жүрсе де сезілетін жылулықты еске салатын қымбат белгіге айналды.

Армандай білейік, міндетті түрде орындалады!



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«БІР МАҚСАТ. БІР БАҒЫТ»

Жаңажылдық отбасылық марафон өтті

Алматыда Жаңа жыл қарсаңында дәстүрлі отбасылық марафон ұйымдастырылды. Almaty Arena аумағында «Бір мақсат. Бір бағыт» ұранымен өткен іс-шара қала тұрғындары мен қонақтарын ортақ бағытқа бұрды. Алатау ауданы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған іс-шараға BI Group, Bazis-A және Sensata Group компаниялары демеушілік көрсетті. Көрсетілген қолдаудың нәтижесінде марафонға қатысу көпшілікке қолжетімді болды.



Суретті түсірген Саят СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Ернұр
РЫСБАЙ

Марафон бағдарламасы балалар мен ересектерге арналған интерактивті алаңдармен толықты. Марафонға қатысып, мәреге жеткен барлық жүргіріске естелік медаль табысталып, ең ерекше образдағы қатысушылар «Ең үздік костюм» номинациясы бойынша арнайы жүлдеге ие болды.

Іс-шара барысында қатысушылар символикалық 2026 метр қашықтықты жүгіріп өтті. Бұл қашықтық Жаңа жылды белсенді түрде қарсы алудың белгісіне айналды. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, марафонға 1500 адамға арналған слот ұсынылып, олардың басым бөлігі алдын ала тіркелді.

Алатау ауданы соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан, спорттық инф-

рақұрылымы қалыптасқан аудан ретінде ерекшеленеді. Осындай бұқаралық спорттық іс-шаралар тұрғындар арасында са-лауатты өмір салтын насихаттап, Жаңа жылды отбасымен бірге қарсы алу дәстүрін нығайта түсуде.

Марафонда инклюзивтілікке ерекше көңіл бөлінді. Жарысқа Алатау ауданындағы ерекше қажеттілігі бар балалар, Meirim оңалту орталығының сондай-ақ, Астанадан келген «Жанасу – Прикосновение» қорының мүшелері қатысты.

Марафонға қатысушы Баян Тұрсынбаеваның айтуынша, мұндай іс-шаралар отбасылық қарым-қатынасты нығайтуда айрықша мәнге ие:

«Біз марафонға арнайы үндістердің киімін киіп келдік. Ауа райы суық болғанымен, көңіл күйіміз жақсы болды. Костюмдерді бір ай бойы өз қолымызбен дайындадық. Осындай отбасылық іс-шаралар көп болса екен», – деді ол.

Отбасылық марафон алматылықтар үшін спорт пен мерекені ұштастырған мазмұнды әрі есте қаларлық оқиға болды.

МЕРЕКЕЛІК АТМОСФЕРА

Алматыны нұрға бөлеп тұр

Қазір Алматыда Жаңа жыл мерекесіне орай қала тұрғындары мен қонақтары үшін кең ауқымды мәдени-ойын-сауық іс-шаралары өтіп жатыр. Қала көшелері мен алаңдары жарқыраған шамдармен, әсем шыршалармен безендіріліп, нағыз мерекелік атмосфера қалыптастырған. Жаңа жылдың лебі айқын сезіледі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Осы орайда біз алматылықтарға мереке күндері қалада ұйымдастырылатынын іс-шаралар туралы айта кеткенді жөн көрдік. Мәселен, ертең 31 желтоқсан күні Астана алаңында сағат 18.00-ден түнгі 00.30-ға дейін басты жаңажылдық концерт өтеді. Бұл кеште қазақстандық эстраданың танымал жұлдыздары – Мақпал Исабекова, Әлішер Каримов, Ақылбек Жемей, Бейбіт Қорған, Ringo тобы, Ninety One, Ayree, Astra тобы, Dakelot, Дәулет Жанболат және басқа да өнер иелері көрерменге ерекше көңіл күй сыйлайды.

Кештің шарықтау шегі – DJ BATTLE. Диджейлер жаңажылдық әуендер мен танымал хиттерді заманауи өңдеуде ұсынып, алаңды ерекше энергия мен динамикаға бөлейді.

Қазақ мемлекеттік циркінде 11 қаңтарға дейін «CHRISTMAS STARS» атты

жаңажылдық шоу-премьера көрсетіледі. Бұл – мейірім мен достықты, ғажайыпқа деген сенімді дәріптейтін, ересектер мен балаларға арналған әсерлі қойылым. Бағдарламада экзотикалық құстар мен жануарлар, шимпанзелер, әсем жүрісті аттар, шағын тұқымды итер және көрермендердің сүйіктісі – аю-қызы Яна өнер көрсетеді.

29 желтоқсан мен 4 қаңтар аралығында Мемлекеттік қуыршақ театрында «МУЛЬТИ ЖАҢА ЖЫЛ» атты мерекелік ойын-сауық бағдарламасы өтеді. Кішкентай көрермен түрлі ғаламға саяхат жасап, Лило мен Стич, Эш пен Пикачу Кики мен Наруто сынды әйгілі кейіпкерлермен кездеседі. Аяз Атаның көмегімен олар Қуыршақтар еліне аттанып, ертегі әлеміне еніп кетеді.

Сонымен қатар, Алматының барлық 8 ауданында арнайы безендірілген алаңдарда күн сайын Аяз Ата мен ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен мерекелік концерттер, интерактивті ойындар мен көңілді бағдарламалар ұйымдастырылуда. Қала тұрғындары мен қонақтары Жаңа жылды бірге қарсы алып, шаттыққа толы сәттерді бөлісуде.

Қазір Алматы нағыз мерекелік көңіл күйде. Көшелер де, мекемелер де, алаңдар да жарқыраған шыршалармен безендіріліп, ерекше әсем кейіпке енген. Бұл күндері қала бұрынғыдан да жылы, бұрынғыдан да жарқын көрінеді.

Жаңа жыл әрбір шаңыраққа қуаныш, береке мен молшылық әкелсін! Алматыдай әсем қалаға жарқын болашақ тілейміз – Жаңа жыл құтты болсын!

АЛМАТЫ ДӘМІ АМЕРИКАДА

Алматы – тек Қазақстанның емес, бүкіл Орталық Азияның мәдениет орталығы. Мегаполисте әлемнің түрлі елінің асханасы тоғысқанын көруге болады. Мұны алып шаһардың өзіндік мақтанышы деп санайтындар да, жаһандану дәуіріндегі өзге мәдениеттердің ықпалы деп алаңдайтындар да бар.

Алайда, қазақтың ұлттық тағамдары да қазір әлемді еркін шарлап жүр. Айталық, Америка төрінде қазақтың ұлттық тағамдарын, Алматының дәмін ұсынатын асхана ашылды. Америкалықтардың ықыласына бөленген дәмхананы отандасымыз Айтнұр Оразбекұлы ашқан. Бұл асхананың ашылуы – қазақтың ұлттық ас-мәдениетінің жаһандық кеңістікте өз орнын тауып, танымал болуына дәлел.

Ол өз кәсібін бастап, қазақ халқының ұлттық тағамдарын Америка нарығында ұсынуды шешкенде, көпшілікке тың жаңа-



лық пен терең мәдениетті танытуды көздеді. Бармағынан бал тамған аспаздың әрбір тағамының артында ғасырлар бойы қалыптасқан тарих пен дәстүр тұр.

Айтнұр Оразбекұлының бұл бастамасын қазақтың асқақ мәдениетін әлемге танытудағы бірегей қадам деуге болады. Әлемнің әр бұрышынан келген адамдар осы жерде қазақтың ұлттық дәмдерін татып, ұлтымыздың қонақжайлылығын сезініп, мәдениетіміздің байлығын тереңінен түсініп жатқандай. Кафеге тек қазақтар емес, жергілікті тұрғындар мен өзге ұлт өкілдері де жиі келеді. Бұл – ұлттық тағам арқылы қазақ мәдениетіне деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Дәмхана тамақтанатын орын ғана емес, мәдени танысу алаңына айналған.

Бүгінде дәмхананың мәзірінен бауырсақ, ет, қымыз, қуырдақ секілді қазақтың ұлттық тағамдарын кездестіруге болады. Әсіресе, бауырсақ пен ет америкалықтардың ерекше қызығушылығын тудырған.

– Жұрт алғаш рет тағамдарымыздың дәмін татқанда таңқалып жатады. Қарапайым, бірақ өте тойымды әрі жылы әсер қалдырады. Ұлттық ас – халықтың жаны. Әр тағам арқылы тарихымызды, дәстүрімізді көрсетеміз. 2007 жылдан бері

Қазақстанда аспаз болып жұмыс істедім. 18 жылға жуық уақыт бойы шығыс тағамдарын әзірлеп келемін. Бір қызығы, Америкада қырғыз бен өзбек ағайындарының ашқан мейрамханалары көп. Ал қазақ аспаздары жоқтың қасы болғандықтан, өзімнің кәсібімді ашуды жоспарлап, мақсатыма жеттім. Әрине, қиыншылықтар болды: тіл білмедім, Америкадағы қазақ азаматтарына жөнді жарнама жасай алмай жүрдік. Бірақ кедергілерге берілмей, біртіндеп танылып келеміз, – деді кәсіпкер Айтнұр Оразбекұлы.

Алдағы уақытта кәсіпкер дәмхана желісін кеңейтіп, қазақ асханасын одан әрі насихаттауды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, шетелде кәсіп ашқысы келетін жастардың қорықпай, ізденіп, өзіне сену керек екенін баса айтты.

Қазақтың дәмі – бүгінде тек елімізде емес, Америка төрінде де танылып келеді. Бұл – бір азаматтың еңбегі ғана емес, тұтас ұлттың рухани жеңісі.

Әзірлеген
Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Клочков көшесі: 154; Манас көшесі: 34/1, 34А/8А, 69, 71/57, 73А, 73/58; Өзтүрік көшесі: 2/67, 4, 6, 8, 10, 12.

№273 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 196, Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Бұқар жырау бұлывары: 75, 75/1, 75/2, 88; Ғабдуллин көшесі: 177; Жароков көшесі: 164, 166, 168, 170, 182, 184, 186, 1876, 187/1, 188, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 196А, 197, 198/87, 200, 217, 219, 221, 223/1, 225; Клочков көшесі: 12А, 13, 13А; Розыбакиев көшесі: 103; Сәтбаев көшесі: 74, 76А, 78, 80, 101, 103, 105, 105А; Солодовников көшесі: 46, 48; Тәжібаева Патшайым көшесі: 71; Тұрғыт Озал көшесі: 240, 242.

№274 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 101, Алматы қаласы білім басқармасының «№65 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Линия-20 көшесі: 24, 28, 30, 42/76, 44, 46, 48, 62/52, 64, 66, 68, 70, 72, 72А, 76, 78, 80, 82, 84, 84 корпус 5, 86, 88; Линия-22 көшесі: 12А, 13, 13А; Розыбакиев көшесі: 103; Сәтбаев көшесі: 74, 76А, 78, 80, 101, 103, 105, 105А; Солодовников көшесі: 46, 48; Тәжібаева Патшайым көшесі: 71; Тұрғыт Озал көшесі: 240, 242.

№275 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Айманов көшесі, 193А, Алматы қаласы білім басқармасының «№93 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Айманов көшесі: 193, 193Б, 193В, 193Г, 194, 195А, 196, 198, 200, 202, 202А, 204, 206, 208, 208/2, 210, 216, 218, 220, 222, 224, 226/95; Гагарин даңғылы: 135/10, 135/9, 186А; Жандарбеков көшесі: 191А, 191Б, 193, 195, 204, 205, 205А, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 217/1, 218, 218 көшесі: 219, 220, 221, 222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 231, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 238/91; Жароков көшесі: 199, 201, 203, 205, 205А, 207, 209, 211; Радостовец көшесі: 1523, 152/3, 154А; Тимирязев көшесі: 97, 99, 99/1.

№276 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Айманов көшесі, 193А, Алматы қаласы білім басқармасының «№93 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Гагарин даңғылы: 135К; Катеаев көшесі: 172, 175, 176, 179, 184, 186; Радостовец көшесі: 152Е, 152К, 152Л, 152/1, 152/10, 152/12, 152/14, 152/2, 152/4, 152/5, 152/60, 156, 177, 177А, 177Б, 179А, 183, 185, 187, 187А, 187/1, 189, 191, 193, 195, 197, 197А, 199, 199А, 201, 203, 193А; Розыбакиев көшесі: 125/1, 125/2, 125/3, 180, 184, 184А, 200/78, 204, 206, 208; Тимирязев көшесі: 101, 103, 107/192.

№277 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 202, Алматы қаласы білім басқармасының «№152 бөбекжай-балабақша» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Бабаев көшесі: 35; Жандосов көшесі: 82, 84, 94, 94А, 94Б, 94В, 94/1, 94/2, 94/3, 94/4, 94/5, Әбіш Кекілбайұлы көшесі: 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 21А, 23, 23А, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 37 корпус 1, 39, 39 корпус 1, 39Б, 41, 43, 43А, 43Б, 45, 47, 49, 49А, 53, 55, 59, 61, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 81 корпус 1, 83, 85, 87; Розыбакиев көшесі: 125/4, 125/5, 125/7, 125/76; Тимирязев көшесі: 78, 78/1, 80, 80А, 111А, 113; Өтепов көшесі: 31, 37; Шахмет Хусайнов көшесі: 111, 111А, 113, 114, 115; Шмелев көшесі: 33, 35.

№279 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 299А, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балалар қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: жабық.

№281 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 6, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Орталық қалалық клиникалық аурухана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: жабық.

№282 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 129А, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің «Отан соғысының ардагерлеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: жабық.

№283 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Попов көшесі, 1А, «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: жабық.

№284 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Бәсенов көшесі, 2, «Академик Бинеш Оразұлы Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы» акционерлік қоғамының ғимараты.

Шекаралары: жабық.

№285 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Манас көшесі, 40, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балалар шұғыл медициналық жәрдем орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: жабық.

№286 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 295, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық паллиативтік көмек орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: жабық.

№287 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 50, Алматы қаласы білім басқармасының «Архитектура, дизайн және инженерия колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты.

Шекаралары: Айманов көшесі: 201, 203, 203А, 205, 205А, 207, 209/11, 234, 236, 238/6, 240, 242, 244, 246/9; Бабаев көшесі: 6А, 251/4; Бәсенов көшесі: 15; Жандарбеков көшесі: 241А, 247, 251/4, 253, 255, 257, 259/7; Жароков көшесі: 215, 215А, 217А, 217Б; Серкебаев даңғылы: 1, 2, 4, 5, 6, 10, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 21, 23, 25, 27; Тимирязев көшесі: 50, 50/1, 52, 54, 54А, 56, 56А, 58, 60, 64, 66, 66А; Үмбетбаев көшесі: 200А, 210, 210А, 212, 214, 218, 220/13.

№288 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 50, Алматы қаласы білім басқармасының «Архитектура, дизайн және инженерия колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының ғимараты.

Шекаралары: Бәсенов көшесі: 10, 10 корпус 1, 10 корпус 2, 10 корпус 3, 25, 27, 27А, 29/225; Катеаев көшесі: 196, 198, 200, 202, 204, 208, 210, 212, 214, 216, 218; Радостовец көшесі: 154, 158, 158Б, 160, 162, 170, 172, 178, 180, 182, 184, 186, 188, 207, 209, 211, 213, 215/23, 223, 229, 229Б, 231, 231А, 233, 235, 237; Розыбакиев көшесі: 210/74, 212, 214, 216, 218, 220, 222, 230; Серкебаев даңғылы: 19; Тимирязев көшесі: 68, 70, 72, 74; Әмірзақов көшесі: 141, 145, 161, 163, 165, 167.

№289 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Серкебаев даңғылы, 67, Алматы қаласы білім басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№165 мамандандырылған лицей» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының ғимараты.

Шекаралары: Айманов көшесі: 217/22, 217, 221, 225, 249/3, 254/23, 258/23; Баталпашына көшесі: 1/30, 3, 6, 9, 15/29, 16, 21/18; Вяземская көшесі: 2, 3, 6, 8, 10, 15; Жароков көшесі: 151/10, 255/10, 261/9; Журавлев көшесі: 5/17, 7; Иванов-Скоковский көшесі: 2/137, 3, 9/253, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 24/252, 35, 37, 39, 40/2, 41, 43; Кемеровская көшесі: 1, 4, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 22/256; Кыргызская көшесі: 3, 4, 5, 10/263, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 22; Радостовец көшесі: 198, 200/44, 200А, 202, 204, 204А, 206, 208, 212А, 218/12, 220, 222, 224, 226, 228, 271, 273; Серкебаев даңғылы: 24, 26, 28, 29, 30, 32; 32А, 33, 34, 36, 37, 39, 40, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 59, 61, 63, 65, 69, 71, 73, 75, 77, 81; Сеченов көшесі: 1/42, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 15, 19/10, 21, 22, 23, 24, 25, 27; Си Синхай көшесі: 6/265, 10, 12, 17, 19; Сыпатаев Ербол көшесі: 143/1; Өтепов көшесі: 4, 6, 9, 9А, 9Б, 9В, 11, 11А, 11Б, 12, 13, 17; Шмелев көшесі: 4, 18, 24, 30; Шопен көшесі: 1, 1/1, 3, 5, 6, 7, 8, 10, 16/4, 18, 20/22, 22, 23, 24, 25, 26/3.

№290 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Шмелёв көшесі, 88, Алматы қаласы білім басқармасының «№63 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Бабаев көшесі: 31, 33, 34, 36/130, 38; Бәсенов көшесі: 16, 16/1, 39, 39А, 41, 41/1, 41/2, 43, 45, 47/200; Линия-20 көшесі: 178 корпус 1, 178, 180, 182, 184, 186, 188, 190/41, 190А, 192/40, 194, 198; Розыбакиев көшесі: 131, 133, 137, 139/31, 143, 145, 153, 153А, 153Б, 153Г, 238, 238А, 240, 242, 244; Серкебаев даңғылы: 41, 43; Тәжібаева Патшайым көшесі: 105, 107, 107 корпус 1, 109, 111, 113, 113А, 115, 116, 117/39, 118, 119/38, 119/38 корпус 1, 120, 121, 122, 126, 128/37, 132; Өтепов көшесі: 14, 16, 19, 19А, 20, 21, 21А, 23.

№291 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, Радостовец көшесі, 367, Алматы қаласы білім басқармасының «Михаил Васильевич Ломоносов атындағы №38 Қазақстан–Ресей гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Браун көшесі: 8, 11, 12, 13, 13/1, 14; Витебская көшесі: 1; Достық түйік көшесі: 1, 1А, 1/2, 2, 3, 4, 5, 6, 6/2, 7, 7А, 12/1; Гагарин даңғылы: 303; Дунаевский көшесі: 4, 8, 10/308, 22; Қожабөкев көшесі: 9, 11, 13, 15, 17, 17 корпус 1, 17 корпус 2, 19, 21; Могилевская көшесі: 3, 9, 13; Радостовец көшесі: 292, 328/14, 335, 351, 357, 371, 391; Серкебаев даңғылы: 107, 109, 111, 146 корпус 1, 146 корпус 3, 146 корпус 4, 146 корпус 5, 146 корпус 6, 146 корпус 7, 146 корпус 8, 146 корпус 9, 146 корпус 10, 146; Сеченов көшесі: 63, 66, 76, 82, 91, 95/9; Тропинин көшесі: 6; Шопен көшесі: 85, 86, 87, 88А, 89/5; Штраус көшесі: 6, 10.

№292 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қазақфильм» шағынауданы, 34, Алматы қаласы білім басқармасының «№88 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: Алматы көшесі: 12, 36, 38, 39; Әл-Фараби даңғылы: 156, 176; Витебская көшесі: 2, 4, 4А, 8, 16А, 16Б, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30; «Бағанашыл» шағынауданының Вишневая көшесі: 7, 7А, 10, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 27, 29, 30, 32, 34, 36; «Бағанашыл» шағынауданының Водопроводная көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6/1, 7, 7А, 7Б, 7/2, 8; «Бағанашыл» шағынауданының Зелёная көшесі: 2, 6А, 8, 10, 10/2, 12, 12А, 14, 14А; «Нұр Алатау» шағынауданының Мәртебе көшесі: 1, 2, 3, 5, 7, 9, 9/1, 10, 10А, 11, 14А, 13, 14, 15, 16, 16/1, 17, 17/1, 19, 21, 29, 23, 25, 27, 29, 33, 35, 37, 39, 39/1, 41, 41А, 47, 49; «Қазақфильм» шағынауданы: 19А, 19Б, 24, 29, 30, 31, 32, 33, 34А, 35, 35А, 36, 37, 38, 40, 41, 41А, 42, 43, 44, 44Б, 46, 51, 55; «Бағанашыл»

шағынауданының Строительная көшесі: 1, 3, 4, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 11/1, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 18А, 18Б, 20.

№293 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қазақфильм» шағынауданы, 15А, Алматы қаласы білім басқармасының «№70 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Қазақфильм» шағынауданы: 4, 6, 7, 7Б, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 15А, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 25, 26, 27, 28.

№294 сайлау уәкесісі

Орталығы: Алматы қаласы, «Қазақфильм» шағынауданы, 15А, Алматы қаласы білім басқармасының «№70 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекаралары: «Бағанашыл» шағынауданының Алматы көшесі: 1, 2/3, 2/4, 3, 5, 6, 7, 8, 8Г, 8/1, 9, 10А, 11, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 31, 31А, 33, 35, 35А, 37, 37А, 39, 40, 42, 43, 45, 49; «Бағанашыл» шағынауданының Алматы түйік көшесі: 1, 1А, 2, 5, 7, 8, 9, 11, 33, 35; «Ерменсай» шағынауданының Ақсарай көшесі: 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 8, 9, 10, 11, 12, 15, 17, 18, 19, 20 корпус 1, 20 корпус 2, 21; «Бағанашыл» шағынауданының Восточная көшесі: 1, 2/21, 2/22, 2/23, 2/26, 2/27, 2/28, 8/10, 8/11, 8/14, 8/8, 8/9, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 24/35; «Бағанашыл» шағынауданының Түршевая көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 6А, 9, 11, 11/1, 13, 15, 18, 19, 21, 23, 23А, 25А, 25, 25/1, 27, 29, 29А, 31, 41; «Ерменсай» шағынауданының Жәңгір хан көшесі: 7; «Бағанашыл» шағынауданының Зелёная көшесі: 1, 3, 5, 5А, 7, 9, 9А, 9Б; «Ерменсай» шағынауданы: 7, 7А; «Нұр Алатау» шағынауданы: 897/15; «Ерменсай» шағынауданының Көлсай көшесі: 31Г, 31К, 31/4, 32А, 32Б, 32В, 32/10, 32/3, 32/4, 32/5, 32/8, 32/9; «Бағанашыл» шағынауданының Молодежная көшесі: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10; «Бағанашыл» шағынауданының Подгорная көшесі: 2, 2А, 2Б, 2В, 3, 3А, 3Б, 4, 4Б, 4 корпус 1, 5, 5А, 5Б, 5/1, 6, 6А, 7, 8, 10Б, 11, 11А, 11Б, 12, 13, 13А, 14, 14А, 15, 16, 17, 17А, 17Б, 18А, 19, 19А, 21, 21А, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28/1, 29, 31, 33, 33/1, 35, 35А, 35Б, 36, 37, 43, 45, 47, 48Б, 48В, 55, 55/1; «Нұр Алатау» шағынауданының Рахмадиев көшесі: 2/1, 2/10, 2/11, 2/12, 2/2, 2/3, 2/4, 2/5, 2/6, 2/7, 2/8, 2/9, 4 корпус 1, 4 корпус 10, 4 корпус 11, 4 корпус 12, 4 корпус 13, 4 корпус 2, 4 корпус 3, 4 корпус 4, 4 корпус 5, 4 корпус 6, 4 корпус 7, 4 корпус 8, 4 корпус 9, 6; «Алма Бағанашыл» бәу-бақша қоғамы: 12; «Алатау» бәу-бақша серіктестігі: 8; «Алатау-2» бәу-бақша серіктестігі: 3, 5, 6, 7, 9, 10, 10Б, 11, 12/1, 14, 15/1, 16, 17, 19, 21, 22, 23, 29, 29/1, 31, 34, 35, 37, 39, 39А, 39 корпус 1, 40, 42А, 47, 48, 49, 51, 53, 54, 57, 59, 61, 62, 63, 65, 66, 68, 69, 74А, 75, 75/1, 76, 84/1, 85, 8184; «Алма» бәу-бақша серіктестігі: 4, 5, 6, 7, 8, 9, 13, 14, 15, 17/1, 25, 27, 32, 34, 39, 41, 53, 55, 67, 133, 136, 172; «Достық» бәу-бақша серіктестігі: 1, 3, 4, 8, 9, 10, 10А, 13, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 29, 30, 31, 32, 35, 38, 39, 40, 41, 43, 44, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 54, 55, 56, 57А, 59А, 59, 62, 66А, 67, 68, 70, 71, 74, 76, 79, 86; «Мамыр» бәу-бақша серіктестігі: 8, 9, 12, 13, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 21, 22, 24, 27, 28, 29, 31, 32, 35, 38, 42, 43, 44, 47, 49, 52, 52А, 53, 54, 57, 64, 65, 66, 67, 70А, 70/1, 71, 72, 72 блок 1, 72 блок 2, 76, 77, 78, 80, 82, 83, 84, 88, 90, 91, 92, 93, 95А, 96, 98, 99, 100, 100/1, 101, 103, 105А, 107, 109, 110, 110А, 111, 112, 114, 116, 119, 120, 122, 123, 126, 126Б, 130, 130/2, 131, 132, 133, 135, 136, 138, 138/4, 140, 141, 145, 147, 149, 150, 152; «Таң» бәу-бақша серіктестігі: 3, 5, 7, 9, 10, 10А, 11, 12, 12А, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 47, 50, 52, 53, 54А, 55А, 55, 57, 59, 61, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 70, 72, 74, 76, 79, 80, 82А, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 94, 95, 96,

шағынауданы: 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 47; «Мирас» шағынауданы: 42/1, 42/2, 42/3, 47, 48, 146, 146/1, 146/2, 149, 149A, 149B, 149/1, 150, 153, 157, 157Г, 157/2, 157/3, 157/4, 159, 161, 162, 163, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 175/3, 176, 179; Мұсабаев көшесі: 3, 5, 10, 12, 15, 15/1, 15/2, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28.



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №269 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 25 желтоқсанда №219359 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 10 желтоқсандағы

№269

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы №262 «Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 «Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы №262 «Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 «Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 252 297 978,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 012 384 974,9 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 65 946 382,2 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8 498 410,1 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 165 468 211 мың теңге;

2) шығындар – 2 183 583 645,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 47 467 675 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша салдо – 56 873 392 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 59 523 392 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 35 626 734,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 35 626 734,7 мың теңге»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 25 659 538 мың теңге сомасында бекітілсін»;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Қорғаныс шығындары 25 701 484 мың теңге сомасында бекітілсін»;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 50 265 686 мың теңге сомасында бекітілсін»;

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Білім беру шығындары 624 554 344 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. Денсаулық сақтау шығындары 88 406 945 мың теңге сомасында бекітілсін»;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 69 700 614 мың теңге сомасында бекітілсін»;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 506 835 737 мың теңге сомасында бекітілсін»;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 98 690 701 мың теңге сомасында бекітілсін»;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 14 938 704 мың теңге сомасында бекітілсін»;

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 42 196 003 мың теңге сомасында бекітілсін»;

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«16. Өнеркәсіп, саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 7 351 909 мың теңге сомасында бекітілсін»;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«17. Көлік және коммуникация шығындары 338 252 789 мың теңге сомасында бекітілсін»;

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Басқа да шығындар 133 341 685,3 мың теңге сомасында бекітілсін»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШІЕВ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №269 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 28 қарашадағы №262 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2025 жылға арналған бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы	Ішкі сыныбы			
	Специфика			
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	2 252 297 978,2
1			Салықтық түсімдер	2 012 384 974,9
	01		Табыс салығы	1 432 846 725,6
		1	Корпоративтік табыс салығы	651 052 541,0
		2	Жеке табыс салығы	781 794 184,6
03			Әлеуметтік салық	403 603 962,0
		1	Әлеуметтік салық	403 603 962,0
04			Меншікке салынатын салықтар	71 712 032,8
		1	Мүлікке салынатын салықтар	43 773 549,0
		3	Жер салығы	3 969 029,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	23 964 609,7
		5	Бірыңғай жер салығы	4 845,1
05			Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	70 140 454,2
		2	Акцияздер	21 100 222,5
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	11 373 161,4
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	37 667 070,3
07			Басқа да салықтар	2 419,3
		1	Басқа да салықтар	2 419,3
08			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	34 079 381,0
		1	Мемлекеттік баж	34 079 381,0
2			Салықтық емес түсімдер	65 946 382,2
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 212 117,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірсі бөлігінің түсімдері	828 866,0
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	623 023,2
		4	Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	357 410,2
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 643 075,0
		6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	713 486,5
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	46 256,1
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	7 931,4
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	7 931,4
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	62 991,7
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	62 991,7
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	50 305 980,4
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорларға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	50 305 980,4
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	10 357 361,7
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10 357 361,7
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8 498 410,1
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 568 174,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 568 174,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	5 930 236,1
		1	Жерді сату	4 996 465,3
		2	Материалдық емес активтерді сату	933 770,8
4			Трансферттердің түсімдері	165 468 211,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	165 468 211,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	165 468 211,0

Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Функционалдық кіші топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
			II. Шығындар	2 183 583 645,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25 659 538,0
	111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	372 282,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	372 282,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	5 095 977,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	5 092 351,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 626,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	7 408 878,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	6 217 210,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 191 668,0
	362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	275 686,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	275 686,0
	379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	1 017 966,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	980 395,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	37 571,0
	318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	6 698 088,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	702 149,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1 356 656,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	43 388,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	62 444,0
		028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	4 533 451,0
	523		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	2 622 684,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 330 443,0
		002	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	89 659,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 350,0
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	189 232,0
	369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	2 167 977,0
		001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 684 796,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 501,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	480 680,0
